

Шиелі ауданының елді мекендерінің шекараларын (шектерін) өзгерту туралы

Бірлескен Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 қарашадағы № 304 қаулысы және Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 қарашадағы № 31/17 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 қарашада № 6540 болып тіркелді.

“Қазақстан Республикасының Жер кодексі” Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексінің 108-бабының 5-тармағына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Шиелі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Осы бірлескен қаулы және шешімнің қосымшасына сәйкес Шиелі ауданының Тұран ауылдық округі Шеген Қодаманов ауылының, Керделі ауылдық округі Нартай Бекежанов ауылының, Иіркөл ауылдық округі Ыбырай Жахаев ауылының, Бәйгеқұм ауылдық округі Бәйгеқұм ауылының, Жуантөбе ауылдық округі Алғабас ауылының, Бәйтерек ауылдық округі Бидайкөл ауылының шекаралары (шектері) өзгертілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 28.04.2023 № 195 қаулысымен және Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 28.04.2023 № 2/8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Шиелі ауданының әкімі</i>	<i>Ә.Оразбекұлы</i>
<i>Шиелі аудандық мәслихаттың кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясының төрағасы</i>	<i>К.Шәукебаев</i>
<i>Шиелі аудандық мәслихат хатшысы</i>	<i>Б.Сыздық</i>

бірлескен Шиелі ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 14 қарашадағы
№ 304 қаулысына
және Шиелі аудандық мәслихатының
2018 жылғы 14 қарашадағы
№ 31/17 шешіміне қосымша

Шиелі ауданының Тұран ауылдық округі Шеген Қодаманов ауылының, Керделі ауылдық округі Нартай Бекежанов ауылының, Иіркөл ауылдық округі Ыбырай Жахаев ауылының, Бәйгеқұм ауылдық округі Бәйгеқұм ауылының, Жуантөбе ауылдық округі Алғабас ауылының, Бәйтерек ауылдық округі Бидайкөл ауылының шекаралары (шектері)

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 28.04.2023 № 195 қаулысымен және Қызылорда облысы Шиелі аудандық

мәслихатының 28.04.2023 № 2/8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Жерлердің атауы	Жалпы көлемі (гектар)	Оның ішінде (гектар):				Басқа да жерлер
			ауыл шаруашылығы алқаптары				
			егістік	көп жылдық екпелер	шабындық	жайылымдар	
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Тұран ауылдық округі, Шеген Қодаманов ауылы	769,48143	64,0	1,0		571,5	132,98143
2	Керделі ауылдық округі, Нартай Бекежанов ауылы	1389,12	51,0	1,0		995,52	341,6
3	Иіркөл ауылдық округі, Ыбырай Жахаев ауылы	886,655	46,0	2,0	97,0	600,365	141,29
4	Бәйгекұм ауылдық округі, Бәйгекұм ауылы	1654,0	42,0	12,0	15,0	1127,0	458,0
5	Жуантөбе ауылдық округі, Алғабас ауылы	1521,0	1,0	-	-	1032,0	488,0
6	Бәйтерек ауылдық округі, Бидайкөл ауылы	1789,08	40,0	1,0		1479,7	268,38